

**Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 04.12.2015 № 676 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.А. Әбенке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Министр*

*Б. Жұмағұлов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
1-қосымша

**1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы				
		Ерте жас тобы (1 жастан бастап)	Кіші топ (2 жастан бастап)	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)	Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)
<b>1</b>	"Денсаулық"	3	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-	-	-	0,5
<b>2</b>	"Қатынас"	1	1	2	2,5	5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	2
	Орыс тілі	-	-	0,5	0,5	1
<b>3</b>	"Таным"	1	2	2,5	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	-	1	1	1
	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-
	Құрастыру	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1
<b>4</b>	"Шығармашылық"	2	3	3	3,5	5
	Сурет салу	0,5	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	1
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	1
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	2
<b>5</b>	"Әлеумет"	-	-	0,5	0,5	1,5
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	1

	Қоршаған ортамен танысу	-	-	0,5	0,5	0,5
<b>6</b>	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 минут	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут	25-30 минут
<b>7</b>	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	7	9	11	12	17
<b>8</b>	Вариативтік компонент*	-	-	1	2	3
<b>9</b>	Барлығы	7	9	12	14	20

\*іс-әрекет түрлері (ойын, дербес, шығармашылық), тілдерді үйрету, жеке жұмыс.